

Ә. Т. ТӨЛЕУБАЕВ, Д. Ә. ТАЛЕЕВ, Г. К. ОМАРОВ, М. С. ШАҒЫРБАЕВ

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

АЛАКӨЛДІҢ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ АСУСАЙ ҚАЛАШЫҒЫНДА 2012 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ

Аннотация. Мақалада Жоңғар қақпасында орналасқан ерте ортағасырлық Асусай қалашығына жүргізген далалық зерттеу жұмыстарының барысы қарастырылады. Қазба барысында алынған заттай деректер мен топографиялық мәліметтер қалашықтың X–XII ғасырлардағы жергілікті егіншілердің маусымдық мекені болғандығы анықталды. Сонымен қатар осы өңірді мекендеген түрік тектес тайпалардың көшпелі мал шаруашылығымен қатар отырықшы егіншілікті де жақсы меңгергендіктері мәлім болды. Алакөл аймағында жүргізілген зерттеу жұмысы барысында, Жетісу Алатауы мен Алакөл аймағында бұрын белгісіз болып келген бірнеше ортағасырлық елді мекендер мен керуен сарайларға сипаттама жасалған. Мақалада Асусай

қалашығынан табылған қыш ыдыстар пайдалану мақсатына қарай бірнеше топтарға жіктеле отырып, толық сипаттамасы берілген. Сондай-ақ, авторлар қазба барысында табылған қыш бұйымдардың негізінде, қалашықтың мерзімделу мәселесіне талдау жүргізген.

Тірек сөздер: археология, зерттеу, төрткүл, қалашық, қазба, кесік, қыш ыдыстар, диірментас, тандыр, ошақ.

Ключевые слова: археология, исследование, торткуль, городище, раскопка, разрез, керамика, зернотерки, тандыр, очаг.

Keywords: archeology, research, tortkul, settlement, excavation, cutting, ceramics, grinding stones, tandoor hearth.

Қазақ жерінен өткен Жібек жолының үлкен бір тармағы Жетісу Алатауы мен Тарбағатай сілемдерінің арасында жатқан, соңғы орта ғасырлар тарихында Жоңғар қақпасы деген атаумен белгілі болған үлкен жол торабымен байланысты. Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің профессоры Ә. Төлеубаев басқарған экспедициясы бұл аймақта 2007 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Бұл экспедицияны «Жер-Су» өнеркәсіптік-инвестициялық корпорациясы қаржыландырып келеді. Білімдар, ұлттық спорт пен мәдениетке меценаттық жасап жүрген азамат – осы корпорацияның директорлар кеңесінің төрағасы Бауыржан Кеңесбекұлы Оспанов біздің археологиялық зерттеулерімізге де қаржылық-ұйымдастырушылық көмек жасап келеді.

Алғашында қола және ерте темір дәуірлерінің жерлеу орындарын тізімге алып, жекелегендерін қазумен айналысқан бұл экспедиция соңғы төрт жылда осы өңірдегі ортағасырлық қалаларды да зерттеуге ден қойды. Соның нәтижесінде Алакөл маңынан бұрын белгісіз болып келген 11 ортағасырлық қалашықтар, керуен-сарайлар ашты. Оларды біз әзірше сол маңайдағы бүгінгі заманғы елді мекендердің атымен атаймыз. Керуен жолы бойындағы бекет қызметін атқарған бұл қалашықтардың бір тізбегі Үшарал қаласынан басталып, көл жағалай бүгінгі Көктұма елді мекеніне дейін жалғасады. Олардың бір-бірінен орналасу қашықтығы 15–25 шақырым. Бұл қалашықтар мыналар: Ақтүбек, Қайнар, Жайпақ I, Жайпақ II, Ақши, Асусай, Қоскеліншек, Ырғайты, Тау Ақши, Найманқала, Еміл (Омыл). Бұл қалашықтардың Найманқала мен Емілден басқасы Алматы облысы Алакөл ауданының жерінде. Жергілікті халық Найманқала деп атап кеткен бекініс-қалашық пен Еміл өзенінің Алакөлге құяр тұсына 20–25 шақырым жетпей, сол өзеннің сол жақ жағалауында орналасқан, ұзына бойы 2–3 шақырымға созылып кететін, бүгінде тау-тау құмдармен көміліп қалған ортағасырлық қоныс орындарын анықтадық. Қоныстың белгісі әр жерінде құмды жел ашып кеткен алаңқайларда шашылып жатқан керамикалық материалдардан ғана байқалады.

Жалпы осы өңірде ерте ортағасырларда өмір сүрген кимек тайпалары жөнінде, олардың елді мекендері турасында әл-Идрисидің, кейіннен Вильгельм Рубруктың жазбаларынан белгілі. Бұл мәселеге біз арнайы басқа бір мақаламызда тоқталмақшымыз.

Қазақ халқының негізін құраған түрік тектес тайпалардың ежелгі заманнан мекені болған қасиетті Алакөл өңірінің тарихы осы күнге дейін зерттелмей, археологтардың назарынан тыс қалған аймақ. Өңірдің есте жоқ ежелгі заманнан бері тіршіліктің қайнар көзі болып, бұл жерде қаншама тарихи оқиғалардың өткені жайлы сыр шертетін археологиялық ескерткіштер (қола, ерте темір дәуірлері, ортағасырлық қалалар мен мекендердің орындары) тау бөктерін қуалай созылып жатқан жазықта, өзендер мен тау бұлақтарының маңдарында мыңдап кездеседі.

Сондай ескерткіштердің бірі Асусай қалашығында 2011 ж. басталған қазба жұмыстарының бастапқы мақсаты – қалашықтың топографиясын зерттеу, ескерткіштің өмір сүрген уақыты мен жергілікті тұрғындардың өмірінде алған орны, атқарған қызметі жайлы мағлұмат беретін мәліметтер алу болатын. Осы және бірқатар қосымша ой-тұжырымдарды нақтылай түсу мақсатымен қалашықтың бірнеше жеріне қазбалар салынды. Асусай қалашығы Алматы облысы Үшарал ауданының Ақши кентінен оңтүстік-батысқа қарай 10 шақырым жерде, Асусай шатқалының маңында орналасқан. Төрт бұрышты қамалмен қоршалған қалашықтың бұрыштары дүниенің төрт нүктелерімен бағыттас орналасқан. Географиялық координаттары С. 45°53'061"; Ш. 81°27'181" теңіз деңгейінен биіктігі – 533 м. Қалашықтың өлшемі – 75х75 м. Сыртқы дуалдың құландысының биіктігі 1,5–2 м шамасында. Құлаған қабырғасының жайылған жалпақтығы 10 м аумақты алып жатыр. Қорғаныс дуалының сыртынан қазылған ордың іздері анық байқалады. Оның оңтүстік шетін тау шатқалынан шығатын кішігірім өзен суы жуып кеткен. Қазір бұл өзен құрғап қалған. Дегенмен көктемде еріген қар мен жауған жауын сулары толып ағатыны қалған су іздерінен анық байқалады.

Қалашықтың қақпасы шығыс қабырғаның орта тұсында болса керек деп болжадық. Өйткені осы бөлікте қабырға 10 м қашықтықта басқа бөлігімен салыстырғанда анағұрлым төмен көрінеді.

Қалашықтың шығыс және оңтүстік шеттерін алып жатқан жазықтықта шамасы 30 га жерді қамтитын шаруашылық аймақ пен онда болған суғару жүйелерінің іздері, тау өзенінен тіке тартылған каналдың орындары мен су тоқтатқан тоғандар (1-сурет) байқалады. Осы аймақтарда сырты дуалмен қоршалған жеке иеліктердің қалдықтары сақталған. Олар түрлі өлшемдегі шаршылардан тұрады. Қалашықтан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырымдай жерден өтетін Жаманты өзенінен шығарылған арықтар осы шаршыларға келіп қосылады. Шаруашылық аймағын қамтыйтын бөлікте күнделікті тұрмыста қолданылған түрлі қыш ыдыстардың сынықтары шашылып жатыр. Олар негізінен қолдан, жапсырма әдіспен жасалған, сырланбаған ыдыстардың сынықтары. Қалашықтың сыртқы жағында болған тұрғын үйлердің орындары (мәдени қабаты) қалмаған. Шамасы бұл осы өңірдің қатаң табиғатымен байланысты болса керек. Мұнда тау бөктері мен Алакөлдің аралығындағы оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа қарай созылып жатқан жолақта «қыбыланың» және «ебінің желі» деп аталатын сұрапыл желдер жиі болып тұрады екен. Жаздың өзінде тіпті шілде айының ішінде қатты желмен қослып келетін нөсерлі жауындар жиі болып тұрады. Демек, жиі жауған жауын мен қатты соққан жел жердің бетіндегі ескі үйлердің қалдықтарын үгітіп, ұшырып әкеткен. Оның үстіне бұл жерлерді кейінгі ортағасырлық тұрғындар зиратқа айналдырған. Айтылған аймақта аумағы 10–15 ш/м болатын тас үйінділерден тұратын жерлеулер өте көп. Солардың бірсыпырасы қалашықтың дөң болып жатқан сыртқы қорғаныс қабырғаларының үстінен түскен. Олардың арасында қам кесектен тұрғызылған кесенелер де бар. Шығыс қабырғаның солтүстік бұрышына таман жерде болған осындай кесененің жобасы түпкі жағында дөңгелек болып келсе, иығынан жоғарғы жағы қырланып келген көп бұрышты қаландылардың ішке қарай тартылып барып бір нүктеде бірігуі барысында пайда болған шошақ күмбез болғаны байқалады. Оның жоғарғы жағының көпшілік бөлігі құлап қалған, шығыс бөлігінде көпқырлы етіп қаланған төбе жағының бір бөлігі әлі құламай тұр. Ішкі жағында кесене сегіз бұрышты келген. Кесененің сақталған бөлігінің биіктігі – 3 м, есігі солтүстік-шығыс шетінде. Оның ені – 0,5 м, кесененің диаметрі ішкі жағынан есептегенде – 6 м, сыртқы жағында – 7,5–8 м. Кесененің қабырғасы тұрғызылған қам кесектер осы жердің топырағынан, осы жерде дайындалғаны анық байқалады. Кірпіштердің құрамы жергілікті топырақпен бірдей. Олардың өлшемдері 23x23x4; 24x24x4 см.

Осы бұрыштан солтүстікке қарай 50 м жердегі жазық жерде тағы бір кесене тұр. Ол кесененің де жарты қабырғасы ғана сақталған. Кесененің диаметрі – 7 м, қабырғалары қаланған кірпіштерінің өлшемі алғашқысымен бірдей. Есігі батысқа қараған.

Аусай қалашығының сыртқы қабырғасына салынған кесік. Қалашықтың қорғаныс құрылысының жүйесін анықтау мақсатымен оңтүстік қабырғаның орта тұсына қима салынды. Солтүстіктен оңтүстікке қарай сыртқы қабырғаны қиып өткен кесіндінің ұзындығы – 15 м, ені – 1,8 м, тереңдігі 2,3 метрді қамтыды. Қимадағы стратиграфиялық қыртыстардың көрсетуіне қарағанда, қорғаныс қабырғасы арнайы үйіліп, тапталған топырақтан түзілген тұғырдың үстіне салынған. Қабырға пахса блоктарынан немесе қам кесектерден қаланып тұрғызылмаған. Таза сары топырақтан иленген балшықтан домбаздап, тұтас етіп ұру тәсілімен тұрғызылған. Оның бастапқы бөлігінің қалыңдығы төменгі жағында 4,5 м, жоғарғы жағында 2,5 м болады. Кейіннен қайта қалпына келтірілген бөлігінің ені астыңғы жағында 7 м, беткі жағында 4 м дейін жеткен. Қабырғаның сырт жағынан тұрғызылған жөндеу (қайта қалпына келтіру) қабатының қалыңдығы 2–3 м болады. Жөндеу қабаты 10–15 см қалыңдықта тас араластырылған тапталған топырақ қыртыстарынан түзілген. Қабырғаның ішкі жағы үстінен кейіннен түскен жерлеу шұңқырлары салдарынан бүлінген. Қимадағы стратиграфиялық қыртысындағы құландылар түзілісінде екі құрылыс қабатының деңгейі анықталды. Жоғарғы құрылыс қабатының едені қиманың табанынан 1 м биіктікте (беткі жағынан 50–60 см тереңдікте) жатыр. Еден біртегіс емес, сыртқы қабырғаға жақын бөлігі едәуір биік. Ал қалашықтың ішкі бөлігіне қарай біртіндеп еңістей береді. Екінші құрылыс қабатының едені жоғарғысынан 0,8–0,9 м тереңдікте, қиманың табанымен деңгейлес жатыр. Ол жоғарғысына қарағанда біртүзудің бойымен кеткен. Екі құрылыс қабатының арасы күл, құлаған топырақ, тапталған сары топырақ, ыдыс сынықтары мен мал сүйектерінен түзілген құландылардан тұрады. Арасында түрлі көлемдегі жұмыр және шомбал тастар да кездесті. Екі еден аралығындағы қыртыстан құрылыс қалдықтары анықтау қиын. Құрылыс іздері табиғи құбылыстардың салдарынан (жаңбыр, қар, жел мен ыстық ауа) жойылып кеткен. Қиманың ішкі жағының табанынан диаметрі 50 см болатын

қоқыс тастаған шұңқыр аршылды. Осы шұңқырдан қыш ыдыстардың түрлі сынықтары табылды. Әртүрлі көлемде сынған қол диірменнің сынықтары да осы жерден шықты. Шамамен 45–50 ж. қамтитын аралықтағы ыдыс үлгілерін бір-бірінен қарапайым көзбен ажырату қиын. Екі еденнен табылған ыдыстар сапасы мен жасалу тәсілі, шикізатының құрамы жағынан өзара өте жақын. Сондықтан оларды жеке дара ажыратып мерзімдеу мүмкіндік бермейді.

Қазба I қалашықтың оңтүстік-шығыс бұрышының ішкі жағынан салынды. Қазбаның жалпы өлшемі 13,2x7,4x1,15 метрді қамтыды. Қазба барысында оның оңтүстік шетінен солтүстікке қарай әр 4 метр сайын екі жерінен жалпақтығы 0,6 м жал қалдырылды. 1–1,15 м биіктіктегі осы жалдың стратиграфиялық түзілімі бойынша екі құрылыс қабаты анықталды. Бірақ қазба салынған бөліктен ешқандай тұрғын үй, болмаса шаруашылық құрылыстарының қалдықтары (іздері) анықталмады. Керісінше сыртқы қорғаныс қабырғасының жанбыр мен желдің салдарына үгітіліп түскен құландыларының уақыт өткен сайын біртіндеп қалыптасқан қыртыстары анық көрінді. Қазба барысында құрылыс іздері анықталмағанымен қалашық тұрғындары пайдаланған керамикалық ыдыс сынықтары көптеп табылды. Олар күнделікті тұрмыста қолданылған қазан, оның қақпақтары, құтылар, көзелер, көзелектер, үлкен құмдар, құмыралар, құмғандар, табак, тостақтардың сынықтары. Олар арнайы шарықта және қолдан жапсырма әдісімен жасалған. Сапалары әртүрлі. Ыдыстардың шикізатының құрамы мен жасалу ерекшеліктеріне қарағанда жергілікті шеберлердің қолынан шыққан.

Қазба II. Қалашықтан оңтүстік-шығысқа қарай 250 м жердегі төрт бұрыш келген белгісіз құрылыстың орнына салынды. Осы жерде болған құрылыстың шығыстан батысқа қарай созылған төрт бұрыш тәріздес бедері сырт көзге үй құрылысының құландысы секілді көрінеді. Құланды бедер айналадағы жер деңгейінен 25–30 см биік жатты. Салынған қазбаның жалпы өлшемі 12,7x8,5 м болды. Қазба барысында бұл нысан үй орны емес, жерлеу құрылысы (кесене) екендігі анықталды. Қазу барысында тұғыры (фундаменті) шомбал тастардан қаланған, екі бөлмеден тұратын кесененің қалдығы аршылды. Кесененің қабырғалары қам кесектен қаланған болуы керек. Ол уақыт пен табиғаттың қатаң құбылысына шыдамай үгітіліп, құлап, желмен ұшып кетсе керек. Кесененің жарты бөлігінің тұғыры ғана сақталған. Қалған бөлігінің тастарын шамасы осы маңды мекендеген кейінгі тұрғындар бұзып алып, жерлеу орындарын салуға пайдаланса керек. Қалашықтың үстінен түскен жерлеу обаларына үйілген шомбал тастар осы тұғыр тастарына өте ұқсас. Қазбадан аршылған құрылыс қирандысының жобасын анықтау қиын болмады. Құрылыс қирап кеткенімен оның тұғырының іздері анық байқалады. Аршылған екі бөлмелі құрылыстың жалпы өлшемі 10,9x7,10 м, тұғырдың қалыңдығы бойынша қабырғаның қалыңдық өлшемі – 1,4–1,6 м шамасында. Үлкен-үлкен жақпар тастардан қаланған. Ғимараттың есіктері (сыртқы және төрті бөлмеге кіретін есік) оңтүстік-батыс қабырғаларының орта тұсында орналасқан. Олардың ені – 1,1 м. Ғимараттың екі бөлмесінің де едендерінен жерлеу қабірлерінің дақтары шықты. Солтүстік-шығыс шеттегі төрті бөлменің өлшемі – 3x4 м бұл бөлмеден тек жерлеу қабірінің орындары анықталды. Олардың екеуінің де бағыттары солтүстік-шығысқа қараған. Бөлмеге кіретін есіктің табалдырығына салынған жерлеудің бет жағы бір-біріне ұштастырып, бұрыштап, қырынан қаланған екі қатар қам кесектермен жабылған. Оның шығыс шетіндегі қатар жатқан екінші қабірдің үстіне қаланған қам кесектер болмады. Қазу барысында ұзындығы 2 м, ені ең жалпақ жерінде 95 см болатын жерлеу шұңқыры шықты. Оны тазалау барысында еденнен 15–20 см тереңдікте жатқан орта жастағы адамның қаңқасы аршылды. Мәйітті басын солтүстік-шығысқа қаратып, шалқасынан жатқызған. Оның сол қолын бүгіп кеуде тұсына қойған. Оң қолы ыйық тұсынан бастап жоқ, табылмады. Аяқтарын тізесіне кішкене бүгіп жатқызған. Екі аяғының ең соңғы бөліктері де (башпайлары) табылмады. Өзі бір түрлі құпиясы көп мүрде болып шықты. Мұқият ептілікпен тазаланғандықтан мәйіттің жетіспейтін мүшелердің қазу барысында жойылуы мүмкін емес еді. Сондықтан марқұмның дене мүшелерінің жетіспеуі не себепті екенін кесіп айту қиын. Қабір кейіннен бүлінген деуге де негіз жоқ. Мәйіттің басқа мүшелері өз орындарында жатыр, сырттан болған қандайда бір әрекет байқалмайды. Жерлеуге қойылған ешқандай зат шықпады. Қабірге мәйітпен бірге ешқандай зат, бұйым қойылмайтын мұсылман жерлеуіне ұқсайды. Сондықтан көрші жерлеу қабірін қазуды дұрыс деп таппадық.

Алдыңғы бөлменің өлшемі – 5x4 м. Осы бөлме еденінен 4 жерлеу шұңқырының дақтары анықталды. Олардың екеуі үлкен, екеуі кішкене, яғни жас балалардың қабірлері. Солтүстік-шығыс шетіндегі бірінші үлкен жерлеу шұңқырының дағының өлшемі – 1,5x2,2 м, оның оңтүстік-батыс шетіндегі екінші жерлеу шұңқырының дағы – 1,8x2,2 м. Екі үлкен жерлеу шұңқырларының

оңтүстік-шығыс шетіндегі екі кішкене жерлеу шұңқырларының дағының өлшемдері – 0,5x1,2; 0,4x08 м, сипатталған жерлеу шұңқырларының солтүстік-батыс шеттегі үлкен ғана тазаланды. Шұңқырдан басын солтүстік-шығысқа қаратып, шалқасынан жатқызған ер кісінің қаңқасы шықты. Марқұмның бойының өлшемі шамамен – 1,7–1,8 м. Мәйіттің дене мүшелері түгел, екі қолын алдына бүгіп қойған. Шұңқырдың екі шетіне, марқұмның бойын қуалай қатар қам кесектер қаланып, жоғарғы жағын мүрдені жауып тұратындай етіп, шатырлап қалаған. Яғни мәйіттің үстінен қыштан қаланған ұя тұрғызған. Оның үстінен топырақ толтырылған. Қабірден ешқандай жерлеу заттары табылмады. Жерлеудің қайсы уақытқа жататындығын дөп басып айту қиын. Шамасы осы өңірге исламдық дәстүр ене бастаған кезге сәйкес болуы мүмкін. Исламдық жерлеу дәстүріне тән бағыттау сәйкес болмағанымен, жерлеуге зат қоймауы осындай тұжырым жасауға негіз береді. Сондықтан қалған қабірлерді аршу қосымша мәлімет береді деп есептемедік. Осыған орай қалған қабірлерді аршудың қажеті жоқ деп шештік. Алайда бұл жерлеулер үйдің ішіне кездейсоқ түскен деуге ешқандай негіз жоқ. Осы жерде болған тұрғын үй ғимаратын кейіннен кесене ретінде пайдаланған ба? деген пікір туындайды. Қалай болғанда да осы жерде болған бастапқы құрылыс Асусай қалашығымен дәуірлес екендігі анық. Қазба барысында кездескен бірнеше қыш ыдыс сынықтары қалашықтың материалдарымен бірдей.

Қазба III. Бұл қазба алғашқы қазбаның (қазба I) оңтүстігінен 40 м жерге қалашықтың оңтүстік қабырғасының ішкі жағына салынды. Қазбаның жалпы өлшемі – 8,5x15 м, тереңдігі – 40–70 см. Аршылған шаршының оңтүстік шеті 3–4 м көлемде қорғаныс қабырғасының ішкі бөлігінің жоғарғы жағын қамтыды. Қазбаның оңтүстік шетінен сыртқы қорғаныс қабырғасына тақалып салынған тұрғын үйдің бір бөлмесі ашылды. Бөлменің қабырғалары өте нашар сақталған, көпшілік бөлігі табиғи құбылыс пен кейінгі заман тұрғындарының шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде бұзылып кеткен. Қазбаның бірнеше жерінен кейінгі, мұсылман дәуірінің жерлеу қабірлері түскен. Жерлеулер тұрақты бір жерлеу тәртібін сақтамаған. Мәйіттердің бас жағы әртүрлі бағытта қойылған. Дегенмен, басым бөлігінде мәйіттің басы солтүстік-батысқа қаратылған. Қабірге ешқандай жерлеу заттары қойылмаған. Қабір шұңқырлары жіңішке, сопақ қарапайым тік қазылған. Беті көлденең тасталған ағаштармен жабылған. Шамасы бұл жерлеулер осы өңірге исламның алғаш келе бастаған тұсындағы тұрғындардікі болса керек. Үй құрылысы сыртқы қорғаныс қабырғасына ішкі жағынан жалғастырылып салынғандықтан жел мен жаңбырдың өтінен тасада болған бөлменің қабырғаларының бірсыпыра бөлігі сақталған. Қабырғаның ең жақсы сақталған тұсындағы биіктігі 40 см, жалпақтығы 65–70 см. Сақталған бөліктен қам кесектің қатысы байқалмайды. Шамасы қабырғаларды домбаздап жапсырған пақсалардан тұрғызса керек. Бөлменің өлшемі ір жерінде сақталған қабырғаның бөліктерін бір-бірімен түйістіру арқылы шамалап алынды. Ос мөлшер бойынша бөлменің өлшемі 4,5x5 м солтүстік қабырғасының орта тұсында болған ошақтан қалған күйе тақтың кішігірім аумағы ғана сақталған. Оның бір бөлігін кейіннен қазылған қабір шұңқыры бұзып кеткен.

Қазбаның басым бөлігіндегі құрылыстар сақталмаған, бұзылып кеткен. Бірақ құрылыс орындарында қалған заттай деректер сырланбаған түрлі қыш ыдыстарының сынықтарынан, тастан жасалған қол дирменнің бөліктерінен, үй ішіне салынған ошақтардың қас бетін сылаған әрлі (өрнекті) сылақтардың түрлі өлшемдегі бөліктерінен және т.б. заттардан тұрады. Мал сүйектері де өте көп шықты. ірі малдың сүйектері басым. Арасында жабайы жануарлардың сүйектері де кездеседі. Олардың қанша және қандай жануарлардың сүйектері екендігін мамандар ажыратады.

Қазба IV. Бұл қазба қалашықтың солтүстік қабырғасының ішкі жағындағы, шығыстан батысқа қарай созылып жатқан бөлігіне салынды. Осы бөліктің деңгейі басқа жағына қарағанда едәуір биіктеу. Бастапқыда 8x10 м өлшемінде салынған бұл қазба құрылыс қалдықтарының сақталу ыңғайына қарай 11,5x17 м көлемге дейін кеңейтілді. Қазбаның оңтүстік шетінен шығыстан батысқа қарай созылып жатқан екі бөлмеден тұратын құрылыс қалдығы аршылды. Бұл құрылыстың кейінгі ислам дәуіріне жататын кесененің орны екендігін пайымдау қиынға түспеді. Өйткені ғимараттың екі бөлмесінде де бір-бірден жерлеу қабірлері анықталды. Қабірлер бөлмелердің оңтүстік қабырғасына тақатылып, ұзын жағымен солтүстік-батысқа қаратып салынған. Кесененің жалпы өлшемі қабырғаларының сыртқы жағынан есептегенде – 5,5x9,5 м, қам кесектен тұрғызылған қабырғаларының ені – 0,75–08 м, сақталған биіктігі – 30–35 см. Ішке кіретін есігі батыс қабырғасының бойында, ені 1,35 м есіктің алдыңғы жағы ұзындығы – 2 м, ені – 09 м қабырғамен қалқанған. Кесененің батыс шетіндегі, кіреберіс бөлменің өлшемі – 3x4 м, ондағы жерлеу қабірінің өлшемі –

1,5x2,5 м. Үстіне топырақ үйілген. Шығыс шеттегі, төргі бөлменің өлшемі – 3x4 м, ондағы жерлеу қабірінің өлшемі – 1x1,6 м. Қабірдің үстіне жұмыр тастар үйілген. Кесененің ішкі жағында басқа құрылыстардың іздері жоқ. Қабірлердің ғылыми мәліметі болмайтындықтан әрі қарай қазылмады. Құрылыстың ішкі жағын қазу барысында кездескен бірлі-жарым қыш ыдыс сынықтары кейіннен кездейсоқ түскен болуы мүмкін. Басқадай артефактілер кездеспеді. Кесенені алғашқы қазбамен салыстырып сараптау тәжірибесі бұл құрылыстың XIII–XV ғғ. жататын жерлеу құрылысының құландысы болуы мүмкін деген болжам жасауға негіз береді.

Кесене қабырғаларының сыртқы жағын аршу барысында оның солтүстік-шығыс шетінен ошақ пен белгісіз қабырға қалдықтары табылды. Ошақ пен оның маңындағы еден үстінен табылған қыш ыдыстардың түрлі сынықтары осы жерде бір заманда тұрғын үйдің орны болғандығын хабарлайды. Табылған бөлме орнын толық аршу мақсатымен қазбаны солтүстік-батысқа қарай кеңейтуге тура келді. Нәтижесінде екі тандыр мен екі жерошақ орналасқан бөлмелердің орындары аршылды. Бөлмелердің өлшемін анықтау мүмкін болмады. Олардың қабырғаларының қалдықтары сақталмаған. Олар осы маңда жиі болатын жаңбырмен шайылып, жазғы ыстықта үгітіліп, қатты желдің салдарынан ұшып кетсе керек. Бөлме ішіндегі едәуір төзімді материалдардан салынған тандыр, ошақ секілді құрылыстардың өзінің бірсыпыра бөлігі ғана бізге жетіпті. Олардың өзі кейіннен салынған кесененің асты мен ығында қалғандықтан, бізге жартылай аман жетсе керек. Бөлмелер аса үлкен болмаса керек, не бәрі 5x7,5 көлемдегі бөлікте екі тандыр мен екі ошақ бір-біріне өте жақын орналасыпты. Оңтүстік шеттегі ошақ сопақша келген – 1x0,5 м, бас жағы дөңгелек тандыр болып келген де, шығыс бетінде қас беті сазбен сыланып, үстінен тырнап салынған өрнегі бар ошаққа жалғасады. Дәл осындай ошақтар Арал маңындағы Жанкент қаласының X ғ. тұрғын үйлер кешенінен аршылған ошақтармен өте ұқсас [1, 306].

Ошақтан солтүстікке қарай 1 м қашықтықта аузын теріскейге қаратып салған тандыр орналасыпты. Тандырдың төменгі жағындағы 10–15 см болатын қабырғасы ғана қалған. Дөңгелек келген тандырдың диаметрі – 75 см, қабырғасының қалыңдығы – 3–4 см. Солтүстік шетіндегі от салатын аузының ені – 15–17 см. Тандырдың айналасында сыпаның шетіне қаланған қам кесектер қаландысының кейбір бөліктері байқалады. Тандырдан шығысқа қарай 30 см жерге, сыпаның үстіне тігінен қойылған бүтін құты (сурет) табылды. Құтының аузы кең, қалың қабырғалы, ернеуі сыртына қарай қайырыла жасалған. Түп жағы қалың, өзі салмақты. Шамасы бұл нан пісірген (жапқан) кезде бетіне бүркіп отыратын су құйған ыдыс болуы мүмкін. Дәл осындай нақыш пен сападағы ыдыстар Талғар мен Қойлықтың XI–XII ғғ. керамикалары арасында кездескен. Осы тандырдың солтүстік-шығыс шетінде 1,5 м жерден екінші тандыр шықты. Оның да сақталу деңгейі алғашқысындай, өлшемдері де шамалас. Тек бұл тандырдың ауыз жағы шығысқа қаратып салынған. Тандырды айнала 1,5x2 м өлшемде қоршаған, төрт бұрышты сыпаның нобайы байқалады. Осы сыпадан шығысқа қарай 2 м жерде келесі ошақтың қирандысы табылды. Ошақтың жалпы нобайы анық емес. Оның қас бетінің көркемдеп сыланған сылағының бір бөлігі ғана құлап жатыр. Қас беттің сылағының астыңғы жағында жартылай доғаланып келетін ошақ аузының бедерлері байқалып тұр. Айналасында түрлі бөліктерден тұратын ошақ қабырғасының сылақтары шашылып жатыр. Қирандының батыс шетінде жалаң қабат қам кесек қаландысы бұзылмай қалыпты. Ошақтың қас бетінің көлемі мен бедерлеп және өткір нәрсемен тырнап салынған сәндік өрнектері оның шебер ұстаның қолымен жасалғандығын байқатады. Бұл ошақтың да көркемдік нақышы ортағасырлық Жанкент қаласының ошақтарының өрнектеріне ұқсас.


Қазбадан түрлі көлемдегі және әртүрлі мақсатта қолданылған ыдыстардың көптеген сынықтары табылды. Солардың арасында бүтін және жартылай бүтін сақталғандары да бар. Сонымен қатар қазбадан мал сүйектері, темірден жасалған құралдардың шірінділері, малдың асықтары да шықты. Табылған керамикалық ыдыстардың бір бөлігі қарапайым жапсырма әдіспен жасалса, бірсыпыралары арнайы шарықта жасалғандығы айқын көрінеді. Шикізат құрамына қарағанда қолданыста болған ыдыстар жергілікті жерде жасалып, осында күйдірілген.

Қазба барысында табылған қыш ыдыстарды пайдалану мақсаттарына қарай төмендегідей топтарға жіктедік:

1. Ас үйлік және асханалық ыдыстар: *қазан, құмыра, қыш ыдыс қақпақтары, түбектер, дастархан, кесе* т.б.


2. Тұрмыстық-шаруашылық мақсаттағы қыш ыдыстар: *құмған, шырақ бөлшектері, хум, үлкен көлемдегі құмыра* т.б.

Қазан. Қазан сыртқы бейнесі дөңгелек формалы болып келген. Бірқалыпты күйдірілген қазанның ернеуі тік болып келген, ернеуінің диаметрі – 26 см. Қазанның биіктігі – 26 см. Бүйірі шар тәрізді, аузы кең, бүйірінің диаметрі: 36 см. Ернеуі тік келетін әрі ернеуінің диаметрі 18–26 см аралығындағы мұндай қазандар Оңтүстік Қазақстан мен Шу аймағындағы қалаларда кездеседі [2, 103 б.]. Ернеуінен 2,5 см төменде көлденеңінен таға тәріздес екі құлағы жапсырмалы әдіспен жасалған. Құлақтың қас бетіне біржағына жеті рет, екінші жағына он рет кесіп, ойық түсірілген. Құлағы көлденеңінен 7 см құрайды. Қазан ернеуінің қалыңдығы 1 см құрайды. Қазан қабырғасының қалыңдығы – 1,5 см. Қазанның түбінің қалыңдығы 8 мм мен 1 см аралығында. Құрамы қиыршық таспен құмнан құралған. Қазанның сырт бөлігінде жұқалап салынған ангоб білінеді. Сыртында отқа қыздырылғанын дәлелдейтін күйіктің белгілері бар (1-сурет, 1-2). Қазанның сыртқы бейнесіне қарап, Жетісу өлкесіндегі басқа да аймақтарынан табылған қазандармен ұқсастығын байқауға болады. Мәселен Лавар, Талғар, Шелек, және Жаксылық секілді нысандарға жүргізілген қазбалардан табылған қазандардың көлемі, жасалу ерекшеліктері мен құлақтарындағы ойыштары Асусай қалашығынан табылған қазанмен ұқсас [3, 73-75 бб.].



1

1-сурет – Ортағасырлық қазан




2


2-сурет – Қазанның құлағы

Қазанның құлағы ернеуінен 4 см төменде орналасқан. Құлақ хумның иығына жапсырылып жасалған. Құлақтың қас бетіне саусақпен батырылып жасалған бедерді байқаймыз. Бедер саны – жеті (2-сурет).


Құмыраларды екіге бөліп қарастыруға болады: тұрқы үйрек секілді, бір жағына қарай қисайта жасалған, бүйірі шар тәріздес және тік орналасқан, мойны жіңішке келген құмыралар. Үйрек тәріздес құмыра деп отырғанымыз (3-сурет, 1). Су ағар шүмегі бір жағына қарай қисайта жасалған, ернеуінің диаметрі – 5,5 см. Құмыраның тұтқасы ернеуінен 1,5 см төменнен басталып, иығына жалғасқан. Құмыра тұтқасы ілмек тәріздес болып келеді. Мойнының ұзындығы шамамен 8,5 см



1




2



3-сурет – Құмыралар


құрайды. Құмыра түбінің диаметрі – 9,4 см. Құмыраның иығына спираль тәріздес бір қатар жүргізілген сызықты байқауға болады. Сызық құмыраға айналдыра салынған. Мұндай құмыралар ортағасырлық Тараз қаласына жүргізілен зерттеу барасында кездескен [4, 81-95 бб.]. Екінші құмыраның тұрқы тік болып келген. Ерекшелігі тұтқасы жуан болып, мойны ұзын. Құмыраның биіктігі – 16,5 см. Ертеуінің диаметрі 10 см құраса, мойнының диаметрі 9,4 см құрайды. Тұтқасы ілмек тәріздес, тұтқаның жоғарғы жағы ертеуінен 4 см төменде орналасса, тұтқаның төменгі жағы құмыраның иығына орналасқан. Бұл құмыраның тұрқы алмұрт тәріздес болып келеді. Табанының диаметрі 5,7 см құрайды (3-сурет, 2).

Құмыра ертеулері сапалы жасалған, бірқалыпты күйдірілген. Ішке қарай аздап иілген қабырғаларынан ертеулер сыртқа қарай қайтарылған. Ертеулердің кейбіреулері қимасынан қарағанда, тік төртбұрыш кейпін кескіндесе, енді біреулері үшбұрыш бейнесін кескіндейді. Ертеуде қатты затпен батырылып жасалған өрнек белгісі бар (4-сурет).




4-сурет – Қыш ыдыс ертеулері

Құмыра мойны иығынан жоғары қарай қусырылып, жіңішкерген. Құмыра мойнының ертеуіне жақын аузының диаметрі 5 см құрайды. Иығының диаметрі шамамен – 11,3 см. Құмыра мойнына айналдыра салынған геометриялық бейнедегі өрнекті байқаймыз. Керамика бедерін қарапайым сызық деп қарауға болмайды. Бір нүктеден шығып, екінші нүктеге барып жалғасатын сызықтар желісі қыш құмыраға батырып жасалса, нүктесі штамп түрінде қабырға сыртына бедерленген. Сипатынан космогониялық композицияны байқауға болады. Керамика өрнегін геометриялық деп сипаттауға болады. Негізгі бейне үшбұрыш ретінде көрінеді (5-сурет, 1). Құмыра мойнының сақталған бөлігінің диаметрі – 9,8 см. Құрамына ірі құм араластырылған. Шарықта жасалмаған, су ағары мен құлағының сақталған бөлігіне қарап, құмыра тұтқасы көлденең орналасқан деп болжауға болады (5-сурет, 2). Құмыра мойнының диаметрі 9,8 см құрайды. Ертеуінен 2,5 см төменде жоғарғы бөлігі жапсырылған құмыра тұтқасының төменгі бөлігі құмыраның иығына барып жалғасады. Тұтқаның төменгі бөлігіндегі біткен жеріне қатты затпен батырылып жасалған ойықты байқауға болады. Құмыра мойны мен иығына түйісер жеріне екі қатар сызықпен айналдыра салынған сызық түсірілген. Жақсы күйдіріліп, сапалы жасалған. Тұтқасы үш қырлы етіп, қалың жасалған (5-сурет, 3). Құмыра мойнының диаметрін графикалық реконструкция негізінде 9,8 см болады деп болжауға болады. Арнайы шарықта сапалы жасалған. Су ағатын ертеуінің болғаны жөнінде нақты бір пікір айтуға келмейді (5-сурет, 4).



5-сурет – Құмыра мойындары

Құмыра тұтқаларын бірнеше түрге топтауға болады. Бірінші қысқа мойынды, ілмек тәрізді тұтқаның жоғарғы жағы тура ернеуіне бекітілген (6-сурет, 1). Тұтқаның екінші түрі ұзын мойынды тұтқалар, құрамына құм қосылып, сапалы жасалған. Тұтқаның төменгі жағы ыдыстың иығына бекітілгенін байқауға болады. Жоғарғы жағы сақталмаған (6-сурет, 2). Тұтқалардың үшінші тобын жарты ай тәріздес етіп жасалған тұтқалар құрайды. Тұтқа ыдыс ернеуінен 2,5 см төменде орнатылған. Тұтқаның көлденеңінен ұзындығы 9,6 см құрайды. Тұтқаның орталық бөлігіндегі ені 1,8 см құрайды. Жарты ай тәріздес тұтқаның қас бетіне алты жерінен қолмен немесе қатты затпен батырылып салынған бедерді бар (6-сурет, 3).




6-сурет – Құмыра тұтқалары

Хумдардың биіктігі шамамен 70 см құраса, хумның ернеуінің диаметрі – 37,5 см. Түбінің ернеуі 18,4 см болатын хумның бізге тек жартылай сақталған бөлігі ғана жетті. Жалпы хумның құлағы мен ернеуінің қандай болғанын біле алмадық, сонда да, зерттеу кезінде жиі кездесетін хумдардың тұрқы мен өзге де жиі қайталанатын сипаттарына қарап, графикалық реконструкциясы жасалды (7-сурет).




7-сурет – Хум



8-сурет – Хумның ернеу

Хумның ернеуі. Сыртқа қарай қайтарылған ернеу жиегінің диаметрі – 27,1 см. Ернеуінің жиегінде саусақпен қысып жасалынған ойықты белдемшелері бар (8-сурет).

Қақпақ сынығы. Қыш ыдыстың қақпағы дөңгелек шеңбер түрінде келген, ас үйлік мақсатта пайдаланған. Қақпақтың диаметрі – 15 см. Тұтқасының биіктігі шамамен – 2 см, бүлінуге ұшыраған тұтқаның диаметрі 2,5 см құрайды. Табаны тегіс болып келген, жақсы күйдірілген, құрамына майда құм қосылған, бірақ дөрекілеу жасалған (9-сурет). Дәл осындай сипаттамаға ие қолмен дөрекі жасалған ыдыс қақпақтары Жетісу жерінде кең таралған.




9-сурет – Ыдыс қақпағы

10-сурет – Дастарқан


Дастархандар көбіне жартылай сақталған. Шеңбер тәріздес болып келген. Дастарханның біреуінің сақталған бөлігінің ортасында дөңгелек келген ноқат секілді өрнектер болса, екінші біреуінің ернеуінде 1 санына ұқсайтын бедер және Z тәрізді өрнекті байқауға болады (10-сурет; 2, 3, 4). Ал үшінші дастарханның сақталған ернеуіндегі өрнектерді толқын тәріздес және сырға тәріздес деп қарастыра аламыз (10-сурет, 1). Дастархан ернеуіндегі мұндай ерекшеліктер Талғар, Шелек, Антоновка секілді елді мекендердегі қазбалардан табылған қыш ыдыстарда да бейнеленген (3, 82 б).

Қыш ыдыстың түптері: 1-ші ыдыс дөрекілеу жасалған. Түбі тегіс емес, диаметрі – 11,2 см, сақталған бөлігінің биіктігі – 2,6–3 см. Ыдыстың түбінің ішіне жақсылап назар аударсақ арнайы шарықта жасалғанын байқауға болады. Жақсы күйдірілмеген, құрамына ірі құм қосып жасалған. Түбінен жоғары қарай шалқайта жасалған. 2-ші ыдыс түбінің диаметрі – 6,4 см, құрамы майда қызыл құм араластырылып, сапалы жасалған. Жақсы күйдірілмеген, алдыңғы ыдыс түбінен айырмашылығы шарықта жасалмаған. 3-ші ыдыстың түбі тегіс, дөңгелек болып келген. Басқалардан ерекшелігі сапалы күйдірілген, құрамы майда құм араластырыла отырып, шарықта жасалған. Диаметрі – 5,1 см, ыдыстың сыртында жұқалап жағылған қызғыш ангоб білінеді. 4-ші ыдыстың диаметрі – 8,1 см. Түбінен бастап сыртына қарай қатты шайқалта жасалғанына қарағанда, таба немесе жайпақ тостағанның сынған бөлігі болуы мүмкін. Арнайы шарықта жасалған. Сыртында ангоб білінеді. Ыдыс түбінің сыртынан қатты затпен батырылып жасалған ілмек тәрізді төрт өрнекті байқауға болады. 5-ші ыдыстың түбінің диаметрі – 5,8–6 см. Ыдыс қолмен дөрекі жасалған, түбі тегіс, түбінің сыртында дөңгелек түрінде кездесетін белгілері бар. Өрнектер төрт бағытқа қарай тармақталған. Бір жағына үш өрнек тармақталса, қалған үш жағына алты және бес дөңгелек өрнек тармақталады. Өрнек штамп түрінде жасалған деп жорамалдауға болады (11-сурет; 1, 2, 3, 4, 5).

Түбектер біреуі жартылай, екіншісі бүтіндей сақталған. Бүтін сақталған түбектің диаметрі – 6 см, биіктігі – 6,4–6,8 см. Түбектің иығында тесік қалдырылған. Арнайы шарықта жасалған. Сыртына жұқалап жағылған ангоб бар. Екінші жартылай сақталғаны қызғыш құм араластырылып, жасалған. Жасалуы дөрекі, отта жақсы күйдірілген. Биіктігін анықтау мүмкін емес, жоғарғы жағы сынған. Диаметрі – 6,7 см (12-сурет).



11-сурет – Қыш ыдыс түптері




12-сурет – Түбектер

Қақпақтың тұтқасы ақшыл құм араластырыла отырып, дөрекілеу жасалған. Тұтқаның жоғарғы жағында төрт тарапқа қаратылған + белгісі бар. Тұтқаның биіктігі – 6,2 см, диаметрі – 6,5 см құрайды (13-сурет, 1). Екінші тұтқа дөрекі жасалған. Төменгі және жоғарғы жағы бүлінгендіктен нақты өлшемдері анық емес. Бір қызығы тұтқаның бойына дөңгелектеп штамп ұрылған. Штамп



1



2

3

13-сурет – Ыдыс тұтқалары

саны тұтқаның екі бетінде бірдей, саны үш (13-сурет, 2). Осы секілді тұтқалар Отырар қаласына жүргізілген қазба кезінде табылғанын айта кету маңызды. Себебі тұтқаның сыртқы бейнесі қошқардың иір мүйізі секілді жасалған. Ыдыстарға жапсырылған қой пішінді тұтқалар ыдысқа «көз тимеу» үшін жасалған кие белгісі ретінде жасалуы мүмкін [5, 8-9 бб.]. Бұл жөнінде бұдан басқа да түсініктеме бар... Мұндай бейнелер Отырар-Қаратау мәдениетіне туыстас Қауыншы мәдениетін құрған тайпалар арасында кеңінен таралғаны мәлім. Ол дәуірдегі қошқар – Фарн құдайдың бейнесі, ол – денсаулық кепілі, барлық жаманшылықтан қорғаушы деген ұғымды білдіреді. Келесі тұтқалар топтамасындағы ерекшелік, сыртқы бейнесінде, кейбіреуінің ернеуі қол саусағымен немесе басқа затпен басылып, толқынды ернеу болып келсе, енді біреуінің жоғарғы жағында бірінші тұтқадағы секілді қосу белгісі бар (13-сурет, 3).

Асусай қалашығына жүргізілген қазбадан сырлы ыдыстардың фрагменттері тіпті кездеспеді. Уақыт анықтауға көмектесетін нумизматикалық материалдар да табылмады. Қалашықтың өмір сүрген уақытын қыш ыдыстардың салыстырмалы сипаты негізінде ғана болжауға болады.

Археологиялық әдебиеттер мәліметтеріне қарағанда, солтүстік-шығыс жетісуға сырлы ыдыстар ХІІ–ХІІІ ғғ. ғана тарала бастаса керек. Осындай мәліметті негізге алар болсақ, Асусай қалашығындағы тіршілік ХІ–ХІІ ғасырлардың арасындағы 50–60 жылды ғана қамтыған. Тағы айтатын нәрсе бұл қалашықтың ешқандай шекаралық бекетке немесе сауда керуеніне қатысы жоқ, қарапайым егіншілердің маусымдық (уақытша) мекені болғаны анық. Қалашықтың айналасында сақталған суғару жүйелері мен шағын егін алқаптары, қазбадан табылған тас диірмендердің түрлі көлемдегі бөліктері осындай болжам жасауға негіз береді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Зиливинская Э.Д. Очаги жилого комплекса на городище Джанкент // Изв. НАН РК. Сер. Общ. и гуманитарных наук. – Алматы, 2013. – № 3. – С. 100-108.
- 2 Агеева Е.И., Пацевич И. Из историй оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИНЭ. – Алма-Ата. – Т. 5. – 172 с.
- 3 Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К., Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. – Алматы, 2005. – 188 с.
- 4 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата, 1972. – 217 с.
- 5 Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе, 1995. – 186 с.

REFERENCES

- 1 Zi"li"vi"nskaya E.D. Ochagi" ji"logo kompleksa na gorodi"shhe Djankent. I"zv. NAN RK. Ser. Obshh. i" gwmani"tarni'h nauk. Almaty, 2013. N 3. S. 100-108.
- 2 Ageeva E.I., Pacevi"ch I". I"z i"stori"y osedli'h poseleni"y i" gorodov Yujnogo Kazahstana. Trwdi' I"i"NE'. Alma-Ata. T. 5. 172 s.
- 3 Baypakov K.M., Savel#eva T.V., Chang K., Srednevekovi'e goroda i" poseleni"ya Severo-Vostochnogo Jeti'sw. Almaty, 2005. 188 s.
- 4 Seni"gova T.N. Srednevekovi'y Taraz. Alma-Ata, 1972. 217 s.
- 5 Kojemyako P.N. Rannesrednevekovi'e goroda i" poseleni"ya Chwyskoy doli"ni'. Frwnze, 1995. 186 s.

А. Т. Толеубаев, Д. А. Талеев, Г. К. Омаров, М. С. Шагырбаев

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАСКОПКИ, ПРОВЕДЕННЫЕ В 2012 г. НА ГОРОДИЩЕ АСУСАЙ, РАСПОЛОЖЕННОГО НА БЕРЕГУ АЛАКОЛЬ

Резюме

В статье рассматривается ход полевых работ на раннесредневековом городище Асусай, который расположен у Джунгарских ворот. В ходе исследования района между семиречинским Алатау и Алаколем дан анализ нескольким неизвестным средневековым поселениям и караван-сараям. В статье сделан полный анализ найденной керамической посуде, сгруппированной по назначению в городище Асусай, также автор обсуждает происхождение городища на основе найденной керамики.

Ключевые слова: археология, исследование, торткуль, городище, раскопка, разрез, керамика, зерно-терки, тандыр, очаг.

A. T. Toleubaev, D. A. Taleev, G. K. Omarov, M. S. Shagyrbaev

ARCHAEOLOGICAL EXCAVATIONS CARRIED OUT IN 2012, ON THE SITE OF ASUSAY,
LOCATED ON THE SHORE OF THE ALAKOL LAKE

Summary

The article reviews the progress of field work on early medieval settlement Asusay, which is located at the Jungar Gates. In the study area between Semirechye Alatau and Alakol, analysis of several anonymous medieval settlements and caravanserais was made. The article made a complete analysis of found ceramic ware, grouped by purpose in Asusay settlement, as well as, the authors found on the basis of pottery discussed the existence of the settlement.

Keywords: archeology, research, Tortkul, settlement, excavation, cutting, ceramics, grinding stones, tandoor hearth. *Toleubaev A.T., Taleev D.A., Omarov G.K., Shagyrbaev M.S.* Archaeological excavations carried out in 2012, on the site of Asusay, located on the shore of the Alakol lake.

Поступила 10.09.2014 г.